

Салари Мұжтаба, 1-курс

Ғылыми жетекшісі: Б. Ф. Нұрмазамбетов, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының доценті, саясаттану ғылымдарының кандидаты, доцент (ҚР IIМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Адамзат қоғамының табиғатпен қарым-қатынасы қазіргі заманың ең маңызды мәселелерінің біріне айналды. Адам жерде пайда болған кезден бастап оның биосфераға

тигізетін әсері үнемі үдең отырды. Бірақ тек индустріалдық қоғам және демографиялық жарылыш жағдайында ғана адам әрекетінің жағымсыз зардалттары ғаламдық сипатқа ие болды. Коршаған орта бұған дейін ешқашан байқалмаған қарқынмен ластаныш жатыр.

Энергетикалық және минералдық ресурстардың сарқылу үрдісі байқала бастады. Антропогендік әрекеттің саналуан түрлери жануарлар мен өсімдіктердің көптеген түрлерінің тікелей немесе жанама түрде жойылуына әкеліп соқтырды. Табиғи органдардың химиялық ластануы, радиациялық жағдай, азық – түлік пен ауыз судың сапасының нашарлауы және т. б. халықтың денсаулығының нашарлауына әкеліп соқтырды. Бірқатар ғаламдық экологиялық мәселелер пайда болды: жылыжай эффекті, озон кабатының жұкаруы, Әлемдік мұхиттың ластануы, шөлдену және т. б. Экономиканың экстенсивті дамуына байланысты экологиялық жағдай Қазақстанда да күрт нашарлады: Арап экожүйесінің бұзылуы, Каспий маңында және Шығыс Қазақстандағы қолайсыз экологиялық жағдай; Семей сынақ аланына іргелес жатқан аумактар, топырақтың күнарсыздануы және т. с. с.

Бірқатар уақытқа дейін, Ле-Шателье принципіне сәйкес, адамның қоршаған ортаға әсері биосфера дағы етіп жатқан процестер нәтижесінде жұмсартылып келді. Бірақ қазіргі кезде антропогендік өзгерістер планетаның барлық дерлік экожүйелерінен байқалады, атмосфераның газдық құрамы, жердің энергетикалық балансы өзгерді. Бұл адамның әрекеті табиғатпен қарама-қайшылықта түсіп, «биосфера — адамзат» жүйесі барған сайын тепе-тендік күйден ауытқып бара жатыр деген сөз, нәтижесінде әлемнің көптеген аймақтарында табиғаттың динамикалық тепе-тендігі бұзылды. Барлығы жинала келіп қазіргі биосфера наңы жағдайының нашарлауына, адамның денсаулығы мен рухани дүниесінің бұзылуына себепші болады. Мәселені табиғи тепе-тендікті қалпына келтіру нәтижесінде шешүге болар еді, бірақ бұл ете курделі, әлемде тенденсі жоқ қыын мәселе, ол 1992 жылы Рио-де-Жанейрода күн тәртібіне қойылып, сонда Тұрақты даму тұжырымдамасына қол қойылып, бекітілді. Фаламдық «қоғам — табиғат» жүйесіндегі тұрақты даму — әртүрлі деңгейдегі әлеуметтік-экологиялық жүйелерде динамикалық тепе-тендікті сақтау болып табылады. Адамзат осының негұрлым ертерек түсініп осы жолға түссе, оның жер бетінде тірі қалу мүмкіншілігіде соғұрлым жоғары болмак. Бұл жолда мазмұны мен болмысы әрбір жеке тұлғаның экологиялық дүниетанымын қалыптастыру болып табылатын экологиялық сауаттылық шешуші рөлге ие болады және оның негізін «Экология және тұрақты даму» пәні курайды.

Бүтінгі таңда жаңандық мәселеа болып отырган экологиялық мәселелер табиғаттың даму заңдылығының ескермегендіктен, оның тепе-тендігінің бұзылуынан пайда болды. Ал оны қалпына келтіру жолындағы жұмыста география ғылымының міндепті зор. Себебі, ғылыми-техникалық жетістік ғылымның кейбір саласында адам баласына қауіп төндіруде. Адам әрекетінен туындалап отырган жаңа «антропогендік ландшафттар», жер бетінде ауарайының жылынуы тіршілік дүниесіне зардабын тигізуде. Букіл ғылымдардың жетістігі адамзаттың өсіп, өркендеуіне қызмет жасауы керек қой. Осыған орай бүкіл жаратылыстану ғылымдары бірігіп, өзін қоршаған ортадағы табиғатты сактау, оның тепе-тендігін үйлестіру мәселесін шешуге күш жұмылдыруы қажет. Жаңандық деңгейде табиғат қорларын тиімді пайдалану үшін қоршаған орта жайлы бұрынғы ғасырлар бойы жинақталған зерттеулердің інтижесін ескере отырып, табиғатты жүйелі түрде тиімді пайдалану, оны қорғаудың мәселелері жолға қойылтуы тиіс. XX ғасырда табиғатты ысырап етпей игеру ғылымға жаңа бағыт берген, атақты табиғаттанушы, энциклопедист ғалым В. В. Вернадский ноосфера ұғымы ның негізін салды. Ол литосфераға, гидросфераға, атмосфераға және биосфераға қосымша ноосфера тұжырымдамасын ұсынып, адамның табиғатты сыралып пайдалануы негізінде жаңандық деңгейде туындалап отырган мәселені шешуге адамның ақыл-ой жүйесін бағыттайды. Бұл – бүтінгі таңдағы ғылымда, іс жүзінде, әрбір қоғамда пайдалануға тиісті қафіда.

Бұрынғы Кеңес одағына дейін, Кеңес Одағы кезінде қазба байлықтардың ғылыми негізсіз, тек Орталыққа қажет болғандықтан игерілуі (көмір, түсті металдар, тыңайған жерлердегі егістік алқаптар) Қазақстан табиғаты жұтандануының бірден-бір себебі болған еді. Сол қазба байлықтар қазір егемен елдің игілігіне айналып, мунай, газ, түсті металдар, соның ішінде уран кені халықтың әл-ауқатын көтеруге, экономиканың тұрақтануына қызмет етіп отыр. Кеңес уақытында дамыған ғылым салалары бір-бірімен байланыссыз, тек Орталыққа қажеттілігі жағына бағытталса, қазір қандай ғылым болсын бір-бірімен байла нысты түрде мемлекеттің экономикасын көтеруге үмтүлуда.

Казақстандағы географияғының атқаратын міндеті мен мақсатын нақты түсінідірмей, жерін тек қана атау ретінде (тау, қырат, үстірт, жазықтық, өзен, көл, күм, шөл т. б.) қарастыруғының өрісін шектейді. Сондай көзқарастың кең тарауынан байтақ қазак жері табиғатының даму заңдылығын, оның қалып тасу еркшеліктерін көптеген ғалымдар елемей жүр. Олар жалпы экологиялық мәселенің маңызын түсінбей, тек өз саласының мұддесін қорғайды. Ғылымның қайсы болса да (ботаника, зоология т. б.) — табиғаттың туындысы. Тіршілік үшін белгілі бір географиялық орта керек. Ол географиялық ортаға өзіне тән қалыптасқан ауа-райы құбылысының өзгеруі, жыл мезгілінің ауысуы, күн сәулесінің таралу заңдылығы, тіршіліктің өсуі мен дамуы тәуелді. Олардың белгілі бір географиялық заңдылыққа бағынуы, темпе ратураның таралу заңдылығы ба тыстан шығысқа, солтүстікten онтүстікке қарай өзгеруі кез келген жердің алыш жатқан географиялық орнына байла нысты табиғатта үздіксіз жүріп жатады. Қоршаған орта болмысының өзгеруі, ғаламшардағы ірі өркениетті елдердің өздері мойынданап отырғанында, табиғат байлықтарын тиімсіз пайдаланудан, табиғаттың даму, қалыптасу заңдылығын ескермеуден туынданап отырғаны даусыз. Мысалы, бір кездегі ит мұрыны өтпейтін Онтүстік Американың тропиктік орман дары оталып, Африканың қайталанбас табиғатындағы сирек кездесетін керік тердің, пілдердің, түйекүстардың, арыс тандардың азаюы, материк байлық тарының талан-таражға түсін сол аймақ тарда жарамсыз жерлердің молауынан, шөлейтті аймақтардың ұлғауынан табиғат тепе-тендігінің бұзылуына соқтырды. Жерорта теңізі аймагындағы зәйтүн шаруашылығы плантацияларында мол өнім алу үшін химиялық тыңдайтын жерлерді молынан колданылуы күрделі экологиялық мәселе тудырды. Соған байланысты қазір зәйтүн плантациялары оталуда.

Ғылыми-техникалық прогрестің күрт дамуы барысында ірі өндірістік қалаларда автомобіліктердің санының өсуінен, атмосфера және озон қабаттарына улы газдардың мол бөлінуінен, ірі елді мекен дерде таза ауыз су тапшылығынан адамның денсаулығына залал келуде. Қазіргі кездегі қоршаған ортаның радиациялық, химиялық, биологиялық ластануы әлемдік деңгейде адам баласы мен тіршілік дүниесіне қауіп төндіруде. Жер шарындағы халық санының жедел өсуі мен ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуы адам мен қоғамның қоршаған оргамен қарым-қатынасын күрделендіріп жіберді.

Пайдалы қазбалар қорының ғылыми негізсіз пайдаланылуы, жер бетіндегі өсімдіктер әлемі мен жануарлар дүниесінің жұтандануы және табиғи ортаның шектен тыс ластануы күрделі экологиялық мәселелерді тудырды. Кейбір өндіріс орындарынан бөлінген зиянды қалдықтардың шектен тыс көбеюі қоршаған орта жағдайының нашарлауына, адам денсаулығының бұзылуына апарып соғуда. Осының барлығы қоршаған ортаның қорғау мәселесіне ерекше көңіл бөлуді және оны қалпына келтіру жұмыстарымен айналысады, сондай-ақ оның ресурстарын тиімді пайдалануды талап етеді. Сондықтан жерді суландыру, орманды қалпына келтіру, өндірістік қалдықтар мен ақаба суларды тазартудан өткізу, топырактың құнарлылығын сақтау және топырақ эрозиясына жол бермеу жұмыстарын қарқынды жүргізуі өмірлік маңызы бар талап ретінде алға тартуда.

Табиғаттағы өзін-өзі реттеу мен қалпына келтіру үдерістері ұзакқа созылады. Адамның зиянды істері де бірден байқалмайды, оны адамдар көбінесе ұзак жылдар өткен соң ғана байқайды, бірақ оны жедел түзеу жұмыстары күткендей нәтиже бере қоймайды.

Табиғат дамуының заңдылықтарын білмей, кейде оларды есепке алмау бос шығынға, адамдардың өмір сүру жағдайының және табиғи ортаның нашарлауына алыш келді. Мұндай жағдай Арап теңізінің тағдырына тән. Маңта және басқа да егістіктер көлемінің артуына байланысты, Арап теңізіне қуятын өзендердің суын пайдалану мақсатымен көптеген су қоймалары мен суару қаналдары салынды. Мұндай су жүйелері өзендер сүйнің азаюына, түптеп кел генде оның шұғыл тартылуына жеткізді. Қазір теңіз деңгейінің күрт темендеуі өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің жұтандануын және т. б. экологиялық мәселелерді тудырып отыр.